



БҰЙРЫҚ

2018 ж. 5 желтоқсан

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 668

город Астана

**Балалардың ерте жастан дамуы үшін
олардың әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше оқу дағдыларын
дамытатын бағдарламаны бекіту туралы**

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 42-тармағын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Балалардың ерте жастан дамуы үшін олардың әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше оқу дағдыларын дамытатын бағдарлама бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым вице-министрі Э. А. Суханбердиеваға жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Сағадиев

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады.
Бланк без серийного номера недействителен.

014771

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы «5» желтоқсан № 668
бұйрығымен бекітілген

Балалардың ерте жастан дамуы үшін олардың әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше оқу дағдыларын дамытатын бағдарлама

1-тарау. Түсіндірме жазба

1. Балалардың ерте жастан дамуы үшін олардың әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше оқу дағдыларын дамытатын бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама) Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмасын орындау үшін әзірленді.

2. Ерте жас - тұлғаның дамуындағы ең маңызды кезең. Бұл баланың болашақ өміріне қажетті әлеуметтік ортаны, заттарды және қарым-қатынасты, табиғатпен қарым-қатынас жасау тәсілдері мен адамдардың арасындағы қарым-қатынас нормаларын игеру кезеңі.

3. Баланың құнды әлеуметтік тәжірибені ересектің басшылығымен жинақтауы баланың жас ерекшелік әлеуетін ашуға және үлкен өмірге табысты енуіне ықпал етеді.

4. Заманауи мектепке дейінгі педагогикада әлеуметтену ұғымы тұлғаның қалыптасу процесін, оның қоғам талаптарын біртіндеп игеруін, қоғаммен өзара қарым-қатынасты реттейтін сана мен мінез-құлықтың әлеуметтік маңызды сипаттамаларын игеруді білдіреді. Әлеуметтендіру - екі жақты процесс, бір жағынан, жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға, әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне ену жолымен әлеуметтік тәжірибені игеруін, екінші жағынан, жеке тұлғаның белсенді әрекеті, әлеуметтік ортаға белсенді енуі есебінен әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесін белсенді жаңғырту процесін қамтиды.

5. Бағдарламаның мақсаты балаларды туғаннан 3 жасқа дейін оңтайлы әлеуметтендіру және мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, қоғам мен мемлекеттің дәстүрлеріне баулу, оларда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту болып табылады.

6. Бағдарламаның мақсатына сәйкес:

1) балалар ұстанымында: балалар қоршаған өмірде табысты бейімделу және мектепте оқуға дайындалу үшін қазіргі қоғамға қажетті дербестік пен жауапкершілікке ие болады, қоршаған ортаға, еңбек түрлеріне, басқа адамдарға

және өзіне оң қарым-қатынасты, өзінің жақсы жақтарын сезінуді меңгереді, құрдастарымен және ересектермен белсенді түрде өзара әрекет етеді, бірлескен ойындарға қатысады, келісуді үйренеді, өзгелердің қызығушылықтары мен сезімдерін ескереді, сәтсіздіктерді уайымдайды және өзгелердің табыстарына қуанады, өз сезімдерін білдіреді, келіспеушіліктерді шешеді;

2) ата-аналар ұстанымында: мектепке дейінгі ұйымда педагогтер мен балалардың әрекетіне белсенділігі мен қызығушылығы артады, баламен бірлескен әрекетке қатысады, мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметінің сапасына ата-аналардың қанағаттанушылық көрсеткіштері артады;

3) педагог ұстанымында: ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру, баланың жеке тұлғасын ашып көрсету бойынша жұмыс тәжірибесі қалыптасады, ерте жастағы балаларға психологиялық-әлеуметтік көмек көрсету, тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде қолдау көрсете алады.

7. Бағдарламаның мазмұны ерте жастағы балалардың табысты әлеуметтенуіне, өмірлік қажетті әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдысын меңгеруге бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген.

8. Әлеуметтендіру процесіне отбасында (ата-аналары, отбасы мүшелері), мектепке дейінгі ұйымда (балалар, педагогтер, басқа қызметкерлер), қоғамда (туыстар, құрбылар, достар, басқа адамдар) баланың айналасындағы тікелей өзара әрекеттесетін адамдар әсер етеді.

9. Бағдарламаның мазмұны ерте жастағы балалардың мынадай жас кезеңдерін қамтиды:

Бөбек жасы – туғаннан бастап 3 жасқа дейін:

- 1) нәрестелік жас – туғаннан 1 жасқа дейін;
- 2) ерте жас – 1 жастан 2 жасқа дейін (ерте жас тобы);
- 3) кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін (кіші топ).

10. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан барлық мектепке дейінгі ұйымдарға ұсынылады.

2-тарау. Бағдарламаны іске асыруға қажетті жағдайлар

11. Психологиялық-педагогикалық жағдай құру.

Балалардың тұлғасын әлеуметтендіру мен дамытуды, өз бетінше үйренуді психологиялық-педагогикалық қолдау:

балаларды әлеуметтендірудің негізі ретінде заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру;

отбасына, балалар мен ата-аналар қауымдастығына эмоциялық елгезектікті және жанашырлықты дамыту;

даулы мәселелер мен кикілжің жағдаяттарды шешу дағдыларын меңгеру; кішілерге қамқорлық таныту, басқаларға жәрдемдесу мен көңіл бөлуге ризашылық білдіру кезінде қамтамасыз етіледі.

12. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдай құру:

өзін-өзі күту (өздігінен киіну, киімін ілу, жуыну, қол орамалды қолдану, тісін тазалау және басқалары);

тамақтану кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету (ұқыпты тамақтану, асхана құралдарын қолдану, үстелдің үстін жинау және басқалар);

қарапайым (кіре берісте аяқ киімін сұрту, орындыққа отыру, баспалдақпен көтерілу және басқалар);

әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы (есікті және судың шүмегін ашу, жабу, жарық беретін құралдарды пайдалану, теледидарды қосу, сөндіру және басқалары) дағдыларды қалыптастыруды қамтиды.

13. Әлеуметтік-коммуникативтік жағдай:

балалардың сөйлеу белсенділігін, ойлау мүмкіндіктерін ынталандыру, өз ойын айта білуін, дербес пайымдауларын дамыту және басқалар;

баланың айналадағы адамдарға өз ойын байыппен жеткізу дағдыларын игеру, ол үшін түрлі коммуникативтік-тілдік құралдарды өздігінен қолдана білуі үшін жасалады.

14. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта:

ерте жастағы балалардың жас ерекшелік әлеуетін барынша іске асыруды, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетіне мүмкіндікті, бала мен қоршаған ортаның арасындағы үйлесімді қатынасты қамтамасыз етеді;

орта гендерлік тәсілді ескере отырып, өзгермелі, көп атқарымды, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз болады;

дербес әрекетте, өзін-өзі үйретуде балаға еркіндік ұсынады;

балалардың әлемді, өзін-өзі сезінуіне, денсаулығына, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға әсер етеді;

қоршаған орта туралы белігілі бір мәлімет беретін түрлі заттардан, әлеуметтік болмыс нысандарынан тұрады, әлеуметтік тәжірибені жеткізудің, дербестікті тәрбиелеудің құралы болып табылады.

15. Білім беру процесі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламаның мазмұнын іске асыруды қамтамасыз етеді.

16. «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларының мазмұнында ерте жастағы балалардың базалық әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше үйрену дағдыларын меңгеру бойынша күтілетін нәтижелер белгіленген.

17. Педагогикалық процесс тәрбиелеу мен оқытудың түрлері мен әдістерін қолдана отырып, балалар іс-әрекетінің түрлерін ұйымдастыру арқылы білім беру салаларын біріктіру жолымен іске асырылады.

18. Білім беру салаларының мазмұнын біріктіру:

біртұтас процесс шеңберінде бағдарламаны іске асыруды;

балалардың жас ерекшеліктеріне және оны игеруге бөлінген уақытқа сәйкес әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді;

баланың әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын қалыптастыру мен оның әлеуметке үйлесімді енуін;

ойынды балалардың жетекші іс-әрекеті түрі ретінде олардың жалпы дамуы мен әлеуметтенуі үшін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

3-тарау. Ерте жастағы балаларда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше оқу дағдыларын тиімді дамыту үшін тәрбиелеу мен оқытудың заманауи технологияларын қолдану

19. Ерте жастағы балаларда тәрбиелеу мен оқытудың заманауи технологияларын қолдану балалардың әлеуметтік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, әлеуметтік ортада дұрыс бағдарлана білуін қалыптастырады.

20. Ерте жастағы балаларды тиімді әлеуметтендірудің қазіргі технологияларына:

1) балаларда салауатты өмір салты, мәдени-гигиеналақ дағдылар туралы ұғымдарын қалыптастыратын денсаулықты сақтау технологиялары;

2) күнделікті өмірде балалардың біліктері мен дағдыларын өз бетінше меңгеруге дайындығы жүзеге асырылатын дамытушы технологиялар;

3) бала қоршаған өмірді танитын, бала мен ересектің арасында қарым-қатынас туындайтын, әлеуметтік дағдылар қалыптасатын танымдық-зерттеушілік әрекет жатады;

4) ойын технологиялары балалардың әлеуметтік табысты болуын, баланың эмоционалдық аясының, зияткерлік, жеке қасиеттерінің және психикалық процестерінің дамуын қамтамасыз етеді;

дербес болуға, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, ойыншықтарды таңдауға және түрлі заттарды қолдануға мүмкіндік береді;

ойында балалар бірігеді, қалауы бойынша өз бетінше әрекет етеді, өздерінің ойларын жүзеге асырады, әлемді таниды;

ойын әрекеті әр баланың дене және психологиялық-әлеуметтік дамуына, адамгершілік-еріктік қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге ықпал етеді.

21. Баланың әлеуметтендірудің жаңа технологиялары оның қазіргі әлеуметтік ортада табысты бейімделуіне қажетті өзінің мінез-құлқын реттеуін, бастамашылдығын, дербестігі мен жауапкершілігін тиімді қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

4-тарау. Нәрестелік жас (туғаннан бастап 1 жасқа дейін)

22. Бала тұлғасын психологиялық-әлеуметтік дамытудың негізгі кезеңдері.

Баланың қарым-қатынас, ойын және заттық әрекеттерін дамыту тек ересектермен тығыз байланыста ғана қалыптасады.

Бала өмірінде ана ерекше орын алады. Ананың балаға деген қарым-қатынасы, сабырлылығы, эмоционалдық жақындығы баланың шынайы өмірге деген сенімінің табысты қалыптасуына тәуелді болады. Бұл кезеңде анасы арқылы сәбидің мәдениетке (анасының бесік жыры, ойындар), әлемге деген қарым-қатынасы (сенімділік немесе қырағылық) қалыптасады. Анасымен қатынастың бұзылуы (анасынан бөлек болу, анасының салқындығы) баланың одан әрі әлеуметтенуіне қиындық келтіреді.

Өмірінің алғашқы жылында есту және көру қабылдауы айтарлықтай жетіледі. Сәби өмірінің алғашқы айларында ересек адамның бет-жүзіне немесе ойыншыққа назар аудара бастайды, олардың қимылын бақылайды, адамның дауысын немесе заттардан шыққан дыбыстарды тыңдайды, кереуеттен жоғары ілінген заттарға қолын созып, оларды ұстайды.

3 айда бала тек назар аударады, қолдарын, аяқтарын белсенді қимылдатады, күлімсірейді және уілдейді. Мұндай мінез-құлық «жандану кешені» деп аталады және сәбидің белсенді қарым-қатынас жасауын білдіретін тәсіл болып табылады.

6 айдан кейін бала адамның бет-әлпетін тұтас қабылдайды және басқа жақындарының арасынан анасын табуға толық қабілетті болады. Анасынан баланы алуға әрекеттенуде бала қарсылық білдіреді. Мұндай реакция «жақындық мінез-құлқы» деп аталады. Анасын басқа адамдардан артық көру – әлеуметтік дамудың маңызды кезеңі, өйткені ана тек баласын күтіп-бағып қана қоймайды, сонымен қатар бала мен қоршаған әлеуметтік орта арасындағы дәнекер болып табылады.

Объектілерді қабылдауы жылдам қарқынмен дамиды (бірінші жарты жылдықта заттарды тануды үйренеді, екінші жартыжылдықта заттардың тұтас бейнесін қабылдауы қалыптасады).

Көрнекі-әрекеттік ойлаудың бастапқы формалары пайда болады, бағдарлау-зерттеу белсенділігі (білуге құмарлық) дамиды, адамның сөйлеу интонациясына және мазмұнына ерекше реакциясы байқалады, өзіне айтылған ересектердің сөзін жақсы түсінеді, алғашқы сөздерді (бір немесе екі буыннан тұратын) айтады, ырықсыз және қысқа мерзімді есте сақтауы басым болады, ал 6 айдан кейін заттарды есте сақтауға және іздеуге қабілетті болады.

1 жасқа қарай балалардың эмоциялары мақсатқа бағытталған болады, олар басқа адамдардың эмоцияларын жақсы түсінеді, қуаныш, ызалану, реніш, ұялу, анасына деген сүйіспеншілік сезімдері, бейтаныс адамдарды көргенде және бейтаныс үй-жайларда үрейлену эмоциялары дамиды.

Бала өзінің дене мүшелерін (өзіндік сананы дамытудың алғышарты) тануды үйренеді, сұраныстары әлеуметтік сипатқа ие бола бастайды (қарым-қатынасқа, жаңа әсерлерге сұранысы қалыптасады).

Ересектер балаларға қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыру үшін көмектеседі – балалардың көңіл-күйлерін түрлі әсерлермен толықтырады,

жағымды эмоциялардың қайнар көзі болып табылады, қуануға, басқалардың көңіл-күйін түсінуге үйретеді, ұяңдықты жеңуге көмектеседі, басқа адамдар туралы түсініктерін қалыптастырады, құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға дайындайды.

23. Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру.

Балалар өмірінің алғашқы жылы сапасы жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар кезеңдерге бөлінеді:

- 1) туғаннан бастап 2,5-3 айға дейін;
- 2) 2,5-3 айдан 5-6 айға дейін;
- 3) 5-6 айдан 9-10 айға дейін;
- 4) 9-10 айдан 12 айға дейін.

Әрбір жас кезеңіне арналған балалардың физиологиялық қажеттіліктері мен физикалық мүмкіндіктері ескерілген күн тәртібі ұсынылады.

Күн тәртібі өзгерген жағдайда баланың жасы ғана емес, сонымен бірге денесінің дамуы және денсаулық жағдайы, оның жеке ерекшеліктері де ескеріледі.

Туғаннан бастап 5-6 айға дейінгі балаларды сергіту уақытында ойын жаттығулары тек жеке өткізіледі, ал 5-6 айдан 1 жасқа дейін жеке және шағын топтармен өткізіледі.

Жеке ойын сабақтардың ұзақтығы – 2-3 минут, шағын топпен - 5-7 минут. Бірнеше баламен (5-7 балаға дейін) оларда айналасын бағдарлаудың қарапайым бастапқы қоры, сондай-ақ сенсорлық біліктер пайда болғаннан кейін ғана (шамамен 5-6 айдан бастап) бір мезгілде айналысады. Шағын топтар балалардың даму деңгейлері ескере отырып, құрылады.

24. Күн тәртібі сәттерінде әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру.

Балаларға қойылатын ортақ талаптар мен жағдайлардың тұрақтылығын сақтау арқылы әдеттенуге және жағымды мінез-құлыққа деген оң қарым-қатынасты қалыптастыру жүзеге асырылады.

Эмоционалды-жағымды жағдайды қолдау үшін әр баламен жиі және жылы сөйлеседі, неғұрлым жарқын эмоциялардың (күлу, жалпы жандану қимылдары, дыбыстар) көрінуіне ықпал етеді.

Үлкендер балалардың киінуіне, тамақтануына, ұйықтауына қолайлы жағдай жасайды.

Баланың ересектермен белсенді тіл табысуы және өз бетінше әрекетпен айналысуы ынталандырылады, жағымды эмоционалдық жай-күйге қолдау көрсетіледі; теріс дағдылардың алдын алу жұмысы жүргізіледі; әр балаға жеке қарау тәсілі қолданылады; ойын материалы жаңартылады және күрделендіріледі; балалардың қызығушылықтарын ескеріп және әрекет түрлерін ауыстыра отырып, дербес қимыл-қозғалыстарға, белсенді сөйлеуге үйретеді; әр бала ересектердің, өзінің, басқа балалардың сөйлегенін (гуілдеу, былдыр) тыңдауы үшін үйде қолайлы жағдай жасайды; үстелге қоятын ыдыстардың атауларымен таныстырады (шыныаяқ, тәрелке, қасық), тамақ ішкенде орындалатын әрекеттерді түсінуді үйретеді (отыр, іш, нан және т.б.);

баланың сөйлеуін белсендіреді («бер», «ал» және басқалары); заттарды, аяқ киімді, киімді атаған кезде ересектердің айтқан сөзін түсінуді дамытады, балаларды кейбір әрекеттерді орындауға тартады; ересектердің өздеріне бағытталған сөздерін түсінуді қалыптастырады; баланың қолын жуу, жуыну кезінде сөйлеуін және қимыл-қозғалыстарын қолдайды.

25. Ойында дамыту және тәрбиелеу.

Сәбидің жиі қуануы, күлуі және белсенді болуы үшін ойындарда ерте жастағы балалардың денсаулығын нығайту мен толыққанды даму жағдайлары қамтамасыз етіледі.

Ойындар сергіту уақытында жеке және шағын топтармен өткізіледі.

Балалар ересектердің басшылығымен ойнайтын ойыншықтар олардың еркін пайдалануына беріледі.

Белгілі бір уақыт өткеннен кейін балалардың ойыншықтарға деген қызығушылығы жоғалмау үшін олар ауыстырылады немесе жаңартылады.

Педагогтер мен ата-аналар балаларда эмоционалды-жағымды жағдай, қуанышты көңіл-күй, бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажеттігін тудыратын ойын-сауықтар өткізеді, олармен үнемі қарым-қатынаста болады.

Балаға және барлық балаларға тікелей айтылған ересектің сөзін тыңдауы және түсіне білуі дамиды, құрдастарына тілектестік қатынасқа, эмоциялық елгезектікке және өзінің жетістіктеріне қуана білуге тәрбиелейді.

Ән балалардың эмоционалды саласына ақыл-ойының және эстетикалық дамуына жағымды ықпал ететіндіктен, олардың қабылдауына түсінікті, классикалық және халық әндерін тыңдауға үйретеді.

Сонымен қатар балаларға арналған әртүрлі музыкалық аспаптармен ойындар өткізіледі.

26. Күтілетін нәтижелер:

бала заттарға қызығушылық танытады және олармен белсенді түрде әрекет етеді;

өз әрекеттерінің нәтижесіне жетуде табандылық танытады;

тұрмыстық заттарды (тарақ, беторамал, қасық, шыныаяқ, тәрелке және басқалары) қолдануды біледі;

айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылады;

эмоционалды жауап береді;

баланың ірі моторикасы дамыған, еңбектеу, жүру, лақтыру және басқа қимылдарды меңгереді;

Бала жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес дамиды.

Педагогикалық диагностика балалар әрекетінің әр түрлерінде олардың белсенділігін бақылау барысында жүргізіледі.

27. «Денсаулық» білім беру саласы:

1) мәдени-гигиеналық дағдылар:

тамақты көргенде қимылдайды, ыдысты ұстауға көмектеседі, ұстайды;

2) дене шынықтыру:

ересектердің саусақтарынан ұстайды, заттарға ұмтылып, екі қолымен ұстайды, заттарды қолдан қолға ауыстырады;

3) дербес қимыл белсенділігі: сүйену арқылы заттың үстіне шығады, айналаға қарайды, контейнерден заттарды шығарады, суды шашыратады;

4) салауатты өмір салты:

өзін-өзі жұбату мен ұйықтау қабілеттерінің артқанын көрсетеді.

28. «Коммуникация» білім беру саласы:

1) қарым-қатынас мәдениеті:

дыбысқа және оның дереккөздеріне назар аударады, былдырлайды және дыбыстарға еліктейді;

2) сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

бала өзінің есімін атағанын естігенде, ыммен немесе дауыспен жауап береді;

3) сөздік қор:

қимылдарға, ымдар мен басқа дыбыстарға еліктейді;

4) байланыстырып сөйлеу:

өз өтінішін қысқа сөз тіркестері мен сөздерді қолдана отырып білдіреді;

5) шығармашылықпен сөйлеу қызметі:

ол шаршаған немесе ренжіген кезде өзін құшақтаудың, еркелетудің жайлы екенін ыммен білдіреді;

6) шығармаларды қабылдауы:

қысқа тақпақтар мен тіл жаттығуларын тыңдайды және оған эмоционалды жауап береді.

29. «Таным» білім беру саласы:

1) заттардың қасиетін бағдарлау:

заттарды есте сақтауға және іздеуге қабілетті;

2) қоршаған ортаны тану:

әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, заттарды зерттейді (лақтырады, шашады, басқалардың әрекетін бақылайды);

3) құрастыру дағдылары:

әрекеттерді орындаудың түрлі тәсілдерін қолдануға тырысады;

4) экологиялық мәдениет негіздері:

табиғат әлемін жағымды қабылдайды, қоршаған ортадағы өсімдіктер мен жанауарларды байқайды;

5) сенсорика:

әртүрлі өлшемдегі және пішіндегі ойыншықтармен немесе заттармен ойнайды;

6) ізденіс және эксперименттік іс-әрекет:

заттарды зерттеуге қызығушылық танытады, жаңа заттармен танысады немесе зерттейді, заттарды өлшемі бойынша салыстырады;

7) ақпаратпен жұмыс:

ашық түсті заттарға - суреттерге, гүлдерге эмоционалды үн қатады (аузына салады, басын изейді, тоқылдатады, ұрады, лақтырады).

30. «Шығармашылық» білім беру саласы:

1) музыка:

ересек адаммен көңілді ойындар ойнағанда қуанады, дабылдың соғылғанын көргенде, заттың бетін ұрады, музыкалық аспаптармен түрлі әрекеттерді орындайды;

2) өнімді іс-әрекет:

сызықтар сызады және қағазды «шимайлайды» (бояу, маркер, бор, қарындаш);

жалпақ пішіндерді мүсіндейді.

31. «Әлеумет» білім беру саласы:

1) балалардың әлеуметтік дамуына жағдай жасау:

ересектермен және бір-бірімен қарым-қатынас жасау нормалары мен ережелерін, мәдени мінез-құлық дағдыларын игереді: сәлемдескенде, қоштасқанда жауап қайтарады;

2) ересектермен және құрдастарымен өзара әрекет:

отбасы мүшелерін таниды, ересектермен жағымды қарым-қатынаста болғанда күлімсірейді, қол бұлғайды немесе күледі, қарым-қатынас жасауда ұнату, жақтырмау сезімдерін білдіреді;

3) адамгершілік нормалары туралы түсінік:

алғашқы эмоцияларын білдіреді, көмек қажет болғанда, дене қимылын және дыбысты қолданады.

5-тарау. Ерте жас (1 жастан 2 жасқа дейін)

32. Баланы жеке тұлға ретінде психологиялық-әлеуметтік дамытудың негізгі кезеңдері.

Сәби жасындағы баланың қарым-қатынас жасау ортасы кеңейеді. Бала белсенді бола бастайды, басқа балаларға қызығушылық танытады. Осы жаста ең маңызды адам оның анасы болып қала береді. Ең жақын ересек адам арқылы басқа сәбилермен қарым-қатынас жасайды, ойнайды, қоршаған ортамен танысады.

Баланың тік жүруі негізгі қимылдардың анағұрлым күрделі түрі болып табылады, ол қоршаған ортаны тануына және орталық жүйке жүйесінің айтарлықтай дамуына ықпал етеді.

Жүруді меңгере отырып, қимылдағы тепе-теңдікті сақтауға ықпал ететін қол қимылдарын үйлестіруді дамытады.

Сөзді түсінуінің дамуы соншалық, бала күрделі өтініштерді орындауды түсінеді, мысалы: «Допты алып, әкеңе апарып бер».

2 жастағы баланың ересектердің сөзін түсінуі және сөйлеу белсенділігінің дамуы, сенсорлық дамуы, заттармен әрекеттің, ойындардың дамуы, қимылдардың дамуы, дербестік дағдыларының дамуы қалыптасады.

Бұл кезеңде сөйлеуді үйренуге ерекше құштарлығы, ересектерге еліктеуі, оның сөздерін түсінуі байқалады. Заттық әрекеттің және ересектермен қарым-қатынастың жинақталған тәжірибесінің нәтижесінде балада сюжеттік-бейнелеу ойыны пайда болады, ол заттарды салыстыруды үйренеді.

Қарым-қатынас жасауға қызығушылық танытады. Бала әлі де құрдастарымен ойнай алмайды, бірақ олардың жанында болуға ұмтылады және олардың әрекеттерін қайталайды. Мысалы, егер әткеншек бос болмаса, сәби қалай болғанда да оған отыруға ұмтылады, бірақ әткеншек босағаннан кейін, оның әткеншекке отырып, тербелуге деген қызығушылығы бір сәтте басылады.

Заттық әрекет барысында баланың сөйлеуді игеруімен қатар, көрнекі-әрекеттік ойлауы да қалыптасады.

1 жастан 2 жасқа дейінгі кезеңде бала эмоционалды дамиды, шақырғанда үн қатады және музыканы, көркем сөзді сезеді, әуенмен қимылдау қабілеті пайда болады.

Осы жаста бала ұқыпты болуды, қарапайым тәртіп ережелерін орындауды үйренеді, ересектің талаптарына бағынады және олардың тапсырмаларын орындайды, өз еркімен ересек адамның көмегіне жүгінеді.

33. Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру.

Екі жастағы балалар психофизиологиялық ерекшеліктері бойынша екі шағын топқа бөлінеді:

- 1) 1 жастан 1 жас 6 айға дейін;
- 2) 1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін.

Әр жастағы шағын топқа өз күн тәртібі ұсынылады.

1 жастан 1 жас 6 айға дейінгі балалар күніне екі рет, ал 1 жас 6 айдан 2 жасқа дейінгі балалар бір рет ұйықтайды. Баланың түнгі ұйқысы 10-11 сағатқа созылады.

34. Күн тәртібінің сәттері: ұйқы, гигиеналық және сауықтыру-шынықтыру шаралары бөлмеде жүргізіледі. Сауықтыру-шынықтыру шаралары табиғи факторларды, яғни ауа, күн, суды қолдану арқылы өткізіледі. Топ бөлмелерінде ауа температурасы $+21^{\circ}\text{C}$ және $+22^{\circ}\text{C}$, жатын бөлмеде $+15^{\circ}\text{C}$ және $+16^{\circ}\text{C}$ құрайды.

Жазғы уақытта шынықтыру шаралары әр баланың денсаулық жағдайын ескере отырып, серуеннен кейін қолдарын, аяқтарын жуу арқылы жүргізіледі.

Арнайы шынықтыру шараларын әкімшілік және медицина қызметкерлері ата-аналардың қалауымен ұйымдастырады.

35. Тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны.

1 жастан 2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамытуға, денсаулықтарын нығайтуға, білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ерте жастағы балалар тобында аптасына 7 сағат ұйымдастырылған оқу қызметі 7-10 минуттан шағын топтарда өткізіледі. Осы жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту білім беру салаларын біріктіру мен заттық-дамытушы ортаны құру жолымен жүзеге асырылады.

36. Ойын іс-әрекеті.

Ойын іс-әрекетін ұйымдастыру кезінде балалардың денсаулығын нығайту мен толыққанды дамуы үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуде, балалардың қуануы, белсенді болуы үшін олармен қарым-қатынас жүзеге асырылады, эмоционалды-жағымды көңіл-күй, қуанышты сәттер туғызатын ойын-сауық, ойын-ермек өткізіледі.

Балалардың еркін қолдануына ойыншықтар ұсынылады, балалар ересектердің басшылығымен ойнайды, ойыншықтар ауық-ауық ауыстырылып немесе жаңартылып отырады.

Сәбилердің қабылдауына түсінікті, классикалық және халық әндерін тыңдауға үйрету ұсынылады, өйткені музыка баланың эмоционалды көңіл-күйіне жағымды ықпал етеді, денесінің және ақыл-ойының дамуына ықпал етеді.

Балалардың түрлі музыкалық аспаптарымен ойындар өткізіледі. Ойындар жылдам, орташа және аз қимылды ойындар болып бөлінеді.

37. «Денсаулық» білім беру саласы:

1) дене шынықтыру:

жаттығуларды балалардың дене және психикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып таңдау ұсынылады;

балалардың қозғалыс белсенділігіне жаяу жүру, доппен, жалаушалармен, басқа ойыншықтармен ойнау, өрмелеу, кедергілерді жеңу және басқалары жатады;

«жақындап қара, қолымда, арқамда, үстелдің артында не жасырылған» және басқа қарапайым тапсырмалар беріледі;

жануарлардың қимылдарын, ертегілердегі кейіпкерлерді бейнелейтін жаттығуларды көрсетеді;

жаттығулар музыкамен орындалады;

тапсырмалар ойын түрінде беріледі;

2) гигиеналық талаптарды орындау дағдыларын қалыптастыру:

балалар жуыну, киіну, шешінудің қарапайым дағдыларына және түбекке сұрануға үйренеді;

ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиеленеді, бетінің, қолының, мұрнының ластығын байқауға, оны жууға, сүртіп беруді сұрауға, дымқыл киімін шешуге үйренеді;

тамақ ішу алдында қолды жуу, тамақтану кезінде тамақты тек өз тәрелкесінен ішу, тамақты төкпей-шашпай ұқыпты ішу, тамақтан соң майлықты қолдану, алғыс айту, орындыққа өзі отыру және оны ересектің көмегімен жылжыту дағдылары қалыптасады;

қолдарын өзі жууға (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетінің төменгі бөлігін алақандарымен жууға, ересектің көмегімен беті-қолдарын сүртуге үйренеді;

киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, оларды дұрыс жинауға үйренеді;

түбекке сұрана білу, өзінің түбегінің орнын білу, тек өзінің түбегін қолдану дағдылары қалыптасады;

қол орамалды қолдануды, өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынды, үстел басындағы өзінің орнын, киімге арналған шкафты біледі;

3) сауықтыру-шынықтыру шаралары:

ауамен және сумен шынықтыру шаралары медицина қызметкерінің жетекшілігімен жүргізіледі;

балаларды денсаулықты сақтауға ықпал ететін қарапайым іс-әрекеттерге: ауызға ұсақ заттарды салмау, өткір заттарды қолға ұстамау, баспалдақта дұрыс аттап жүру, электр құралдарын, ажыратқыштарды, розеткаларды ұстамауға үйретеді;

4) күтілетін нәтижелер:

балалар үлкен жұмсақ ойыншықтарды көтере алады, отырғыза біледі және ұйықтауға жатқыза алады;

үстел басына қолдарын жуғаннан кейін отырады;

тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолданады, алғыс айтады;

ересек адамның көмегімен бетін және қолдарын сүртеді;

киімді шешеді және шкафқа жинайды, олардың орнын біледі;

түбекке сұранады, оның орнын біледі және уақытында қажеттілігі туралы айтады.

38. «Коммуникация» білім беру саласы.

Баланың тілін дамыту, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, белсенді және пассивті сөздік қорын, тілдің грамматикалық құрылымын, дыбыстық мәдениетін, баланың байланыстырып сөйлеу қажеттілігін қалыптастыру шарттарын қамтамасыз етеді:

1) тіл дамыту:

1 жастан 1 жас 6 айға дейін балаларда ересектердің сөйлеу тілін түсінуді дамытады;

балалар өзінің, жақын туыстарының есімін, киімді, жиһазды, ыдыс-аяқты, кейбір көлік құралдарын, таныс жануарлар мен өсімдіктерді, өзінің және ойыншық жануарлардың жекелеген дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) атайды;

құрылымы және мазмұны бойынша қарапайым сөз тіркестерін түсінеді, өтініштерді орындайды, тұрмыстық және қызықты жағдайларды суреттейтін 1-3 әрекеттен тұратын ойыншықтармен шағын қойылымдар көрсетеді;

сөйлеген сөзді көрнекіліксіз түсінеді, заттарды табады және оларды суреттен таниды, елеулі белгілері бойынша заттарды іріктеу тапсырмаларын орындайды;

мазмұны бойынша шағын, қарапайым әңгімелерді, өлеңдерді, тақпақтарды суреттерді, ойыншықтарды, іс-әрекеттерді ең алдымен суреттерді көре отырып, кейін көрнекіліксіз қабылдауды, мазмұнына эмоционалды жауап беруді үйренеді;

1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін балалардың сөйлеуді түсінуі:

бөлмедегі және бөлмеден тыс оранласқан заттар;
кейбір жануарлар, олардың қимылдары;
заттардың белгілері, заттардың күйі, заттардың орналасуы;
қажеттілікке байланысты (су ішкісі, тамақ жегісі, ұйқысы келеді) іс-
әрекеттер;

денесінің жай-күйі, көмек, қуаныш, жанашырлық сезімі;
жасы мен жынысына сәйкес айналасындағы адамдарға қатысты сөздер
есебінен кеңейтіледі.

Балаларда:

тұрғын үй бөлмелерінің атауын түсіну, бұл бөлмелерде еркін бағдарлану
және олардың неге арналғандығын білу;

таныс заттарды атауы, түстері, дыбысталуы бойынша топтастыра білу;
ересектердің айтқанын мұқият тыңдау, оның нұсқауларын орындау, екі-үш
әрекеттен тұратын жеңіл тапсырмаларды есте сақтап орындау, жалғаулары бар
сөйлемдерді түсіну;

қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және қалауларын білдіруге
қажетті сөздерді (алғым келеді, берші, жібер, жылжышы) қолдана білу біліктері
мен дағдылары қалыптасады.

Баламен тілдесу барысында сергек, қуанышты көңіл-күйді, ересектермен
әңгімелесу ниетін қолдау, олардың нұсқауларын орындау, әрекеттері мен
сөздеріне еліктеу үшін шағын фольклорлық жанрлар қолданылады.

Ересектер мен құрбыларына өтініш білдіру (сұрашы, алғыс айт, қара, кім
келді), еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта
алады, түсінікті сұрақтарға жауап бере біледі. Айналасындағы адамдардың
сөзін мұқият тыңдау, олардың ауызша талаптарын орындау қабілеттері дамиды;

2) белсенді сөйлеуді дамыту;

Белсенді сөйлеу ақпаратты қолжетімді құралдармен: ыммен, қимылмен,
сөздермен жеткізу негізінде дамиды. Осы жастағы балалар өздері жиі еститін
дыбыс тіркестері мен сөздерге еліктейді, тандануды, қуанышты,
наразылықты, ренішті және тағы басқаны білдіретін кейбір эмоциялық
екпіндерді қайталайды. Сөздік қор туыс адамдардың аттарын (ата, әже, әке,
ана), таныс заттар мен ойыншықтарды (шыныаяқ, кереует, үстел, қонжық,
қуыршақ), кейбір тағам түрлерін (ботқа, сүт), белгілі қимылдарды (ал, тұр,
жібер) білдіретін сөздермен толықтырылады.

Балалар ересектердің сөздерін тыңдай біледі, «Бұл не?», «Не істейді?»
деген қарапайым сұрақтарға жауап береді, жеңіл тапсырмаларды орындайды,
«болмайды», «рұқсат» сөздерін түсінеді, оларға дұрыс жауап береді.

3) көркем әдебиет;

Шығармаларды тыңдау, мазмұны бойынша түсінікті ертегілер, әңгімелер,
өлеңдер, тақпақтарды түсіну үшін жағдай жасау ұсынылады. Шығарма
кейіпкерлеріне жанашырлық білдіру дағдылары, халық ауыз әдебиетінің
шығармаларына, тақпақтардың, өлеңдердің ырғағы мен әуенділігіне
эмоционалды жауап беруге тәрбиеленеді.

1 жастан 1 жас 6 айға дейін:

қарапайым мазмұнды шағын әңгімелерді, тақпақтарды сурет, ойыншық, түрлі іс-әрекеттер мен аудио және бейне материалдарды қолдану арқылы тыңдау, түсіну мәдениетінің дағдылары тәрбиеленеді;

көркем мәтінді тыңдау және оның мазмұнын белсенді қабылдау дағдылары дамытылады.

1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін:

мәнерлеп сөйлеуде көркем шығарманың мазмұнында айтылатын сұраулы, бұйрықты, лепті интонацияларды түсінуін дамытуды жалғастырылады, мәтінді қайталап оқу арқылы сөздерді айта білуге үйретеді;

балаларды мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындай білуге, ауыз әдебиетінің шығармаларының, тақпақтар мен әндердің ырғағы мен әуезділігін эмоционалды қабылдауға баулиды;

балалар ойынға қатысады, ауыз әдебиетінің шығармаларының, тақпақтардың, әндердің музыкасы мен ырғағына көңіл-күйін білдіреді, адамдар мен жануарлардың әрекеттерін бейнелеуге үйренеді;

балаларда шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық таныту сезімдері, көмектесу ниеті қалыптасады;

4) күтілетін нәтижелер:

бала өзінің есімін, жақын адамдарының есімдерін, киім, жиһаз, ыдыс-аяқ, кейбір қозғалыс құралдарының атауларын;

бөлмеде және одан тыс жерде (бақшада, аулада, көшеде) орналасқан нысандардың атауларын және олардың неге арналғанын;

кейбір жануарларды, олардың қимылдарын біледі;

өзінің және ойыншық жануарлардың жекелеген дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) ажыратуды, атауды;

тәрбиешінің ойыншықтарды және өзінің әрекеттерін көрсете отырып айтқан құрылымы мен мазмұны қарапайым сөздерін түсінуді;

жай сөйлеммен айтылған өтінішті орындауды;

қуыршақтармен, ойыншықтармен 1-3 әрекеттен тұратын күрделі емес қойылымдарды түсінуді;

таныс заттар туралы сұрақтарға бір сөзбен немесе қысқа сөз тіркесімен жауап беруді;

өтінішін сөзбен немесе қысқа сөз тіркесімен білдіруді, тапсырманы мұқият тыңдауды және оны басқа адамға жеткізуді;

көркем мәтінді тыңдауды және оны эмоционалды түрде қабылдауды;

шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытуды үйренеді.

39. «Таным» білім беру саласы.

Балалардың қоршаған ортаны бағдарлау аясы кеңейеді және байиды, сезімдік тәжірибесі қалыптасады, түйсіктері және қабылдауы жетіледі, жанды дүниеге қамқорлықпен қарауға тәрбиеленеді, қоршаған орта туралы түсініктері қалыптасады, бейнелі-әрекеттік ойлауы, есте сақтауы, қиялы, зейіні, қабылдауы дамиды.

Балалардың табиғат құбылыстары, адамдардың өмірі туралы түсініктері, танымдық қабілеттері қалыптасуы жағдай жасалады:

1) қоршаған ортамен танысу:

1 жастан 1 жас 6 айға дейінгі балаларда өзі, өзінің есімі, өз әрекеттері (қолдарын жуу, тамақтану, ойнау, киіну, шомылу және басқалары), қажеттіліктері (серуендеу, ойнау, тамақтану және басқалары), жақын адамдары, отбасы мүшелері (анасы, әкесі, әжесі, атасы), қоршаған заттық орта – ойыншықтар, тұрмыстық заттар, тағам, жеке заттар туралы түсініктері қалыптасады;

балалар заттарды, олардың белгілерін, қарапайым әрекеттерді тануды, заттарды, құралдарды, жануарларды, кейбір еңбек әрекеттерін білдіретін сөздермен сөздік қорды толықтыруды жалғастырады;

аквариумдағы балықтарды, жемсауытқа ұшып келетін құстарды, үй құстары мен жануарларды (ит, мысық, қоян, тотықұс) бақылауға, ағаштарды, гүлдерді, шөпті ажыратуға үйренеді;

өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылығы дамиды, оларға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді.

1 жас 6 айдан бастап 2 жасқа дейін балаларда қоғам өміріндегі кейбір нақты жағдаяттар туралы қарапайым ұғымдары қалыптасады.

балалар қоршаған ортадағы және суретте берілген заттарды, көлік түрлерін, үй жануарларын танып, олардың дауыстарына еліктеуді;

жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, белгілерін ажыратуды және атауды, қамқорлық танытуды;

табиғат құбылыстарын бақылап, оларды атауды үйренеді.

Күн тәртібі сәттерінің барысында танымдық қабілеттерді және әлеуметтендіру дағдыларын қалыптастыру үшін қоршаған ортамен, түрлі заттармен, олардың қасиеттерімен танысуды қамтамасыз ететін ойындар ұйымдастырылады;

2) күтілетін нәтижелер:

өзі туралы: өзінің есімі, сыртқы түрі, әрекеттері, тілектері, жақын адамдары, отбасы мүшелері туралы білімі бар;

бірнеше жануарларды шынайы, суреттерден, ойыншықтар түрінде таниды және көрсетеді, бұл жануарларды атайды, олардың дауыстарына еліктейді;

қоршаған ортадан және суреттен заттарды таниды;

адамның кейбір еңбек әрекеттерін дұрыс атайды;

ағаштарды, гүлдерді, шөпті ажыратады, оларға қамқорлық сезімін оятады.

40. Сенсорика.

1) сенсорлық сала:

осы жастағы балаларда қабылдау, зейін, ойлау және затты қолдану әрекеттері, түсті, пішінді және көлемді бағдарлауы дамиды;

1 жастан 1 жас 6 айға дейінгі балалар өзіне машинаны, арбаны жібінен тарта алады, дыбысын шығара біледі;

өзара байланысты тура және кері әрекеттерді орындау: жаю және жинастыру, шелектен алу және салу, оларды еңіс жазықпен сырғанатуды;

заттарды өлшемі немесе пішіні бойынша сәйкес ұяларға орналастыра отырып, салыстыруға арналған тапсырмаларды орындауды;

екі бөліктен тұратын ойыншықтарды, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын пирамиданы белгілі бірізділікпен жинастыруды;

қызыл, сары, жасыл, көк, сондай-ақ ақ пен қара түске боялған бірдей заттарды таниды және жұмыс жасауды;

түрлі материалдардан жасалған заттардың шығаратын дыбыстарын, сондай-ақ музыкалық тембрлердің дыбыстарын ажыратуды орындауға үйренеді;

1 жас 6 айдан 2 жасқа дейінгі балалар пішінді, көлемді, түс пен дыбысты ажыратады;

неғұрлым күрделі заттармен әрекеттерді орындайды: таяқшалары бар сақинамен, аулағышпен, қарпығышпен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжытады, алады және орындарын ауыстыра алады;

қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып кіргізе біледі;

заттарды өлшемі бойынша таңдайды және тиісінше оларды ажыратады;

өлшемі, түсі және саны бойынша бірнеше сақиналардан пирамида жинайды;

біртекті заттарды ортақ белгісі - пішіні, түсі бойынша топтастырады;

ұсақ қол моторикасын дамыту - дидактикалық ойындарда және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз-қол» үйлесімділігі қалыптастырылады;

естуді дамыту - түрлі дыбыс шығаратын заттармен (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) таныстырылады;

қабылдауды дамыту - бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажыратады;

логиканы дамыту - пішіні, түсі, көлемі бойынша бір-біріне ұқсас заттарды сәйкестендіру мен топтастыру қалыптастырылады;

3) күтілетін нәтижелер:

бала іс-әрекетті орындауға болатын қарапайым зат-құралдарды қолданады;

түрлі көлемді 2-3 топтағы сақинадан пирамида жинайды, ересектердің көмегімен түрлі көлемді 4-5 және одан көп сақинадан пирамиданы жинайды;

біртекті заттарды бір белгісі (өлшемі, пішіні) бойынша топтастырады;

заттармен жеңіл іс-әрекеттерді орындайды;

қораптарға тиісті пішінді қақпақтарды таңдайды;

өлшемі мен түсіне тәуелсіз таныс заттарды таниды және көрсетеді;

негізгі төрт түсті ажыратады (қызыл, көк, сары, жасыл); тәрбиешінің ұсынысы бойынша бір түсті заттарды алады;

кемінде екі түсті атайды.

41. «Шығармашылық» білім беру саласы.

«Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны:

сурет салу;

мүсіндеу;

музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады.

Балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттері дамиды, өнерге деген шығармашылық қарым-қатынасқа тәрбиеленеді, көрнекі-әрекеттік ойлауы, есте сақтауы, қиялы, зейіні, қабылдауы дамиды, қоршаған орта туралы түсініктері және сенсорлық қабілеттері қалыптасады.

1) сурет салу:

балаларда бейнелеу өнері, сурет салу үшін қолданылатын құралдар мен материалдар туралы түсініктері қалыптасады;

1 жастан 1 жас 6 айға дейінгі балалар бояулардың ашық түстерін эмоционалды қабылдауға үйренеді;

қарындаштармен, фломастерлермен сурет салуға ынта білдіреді;

қағаз бетін ашық түсті дақтармен, жақпалармен толтырады;

1 жас 6 айдан 2 жасқа дейінгі балаларды қарындашпен, фломастермен жұмыс істеуге, сызықтар жүргізуге үйрету жалғастырылады;

2) мүсіндеу:

балалар сазбалшықпен, оның қасиеттерімен танысады, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуге үйренеді;

2) музыка:

балалардың музыканы қабылдауға, музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықтары қалыптасады және дамиды;

1 жастан 1 жас 6 айға дейінгі балалар мазмұны бойынша өздеріне жақын әндерді тыңдауды, олардың сипатына эмоционалды үн қатуды, оларды сәйкесінше қимылдармен көрсетуді үйренеді;

фортепианода және балалардың музыкалық аспаптарында орындалған көңілді және баяу әуендерді тыңдайды;

дыбыстарға еліктеп қайталайды, әндегі жекелеген сөздерді айтуды көрсетумен сүйемелдейді;

ересектердің көрсетуімен, әннің сөзі және музыканың сипаты бойынша қарапайым би қимылдарын орындайды, қимылды көрсетусіз қайталайды;

1 жас 6 айдан 2 жасқа дейінгі балалар әуенді және әннің сөздерін тыңдауды, оларды тануды жалғастырады;

көңілді және баяу сипаттағы музыкалық шығармаға, ән мен пьесаға эмоционалды үн қатады;

музыкалық-қимылдық қойылымдарда көрсетілген жекелеген әрекеттерді дербес ойында қолданады, оларды дыбысқа еліктеумен және сөздермен сүйемелдейді;

заттармен қарапайым қимылдарды орындайды: жалаушаны жоғары көтеру, оны желбірету, сылдырмақты сылдырлату;

4) күтілетін нәтижелер:

бояулардың ашық түстерін эмоционалды қабылдайды;
 сурет салуға ынта білдіреді;
 жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуге үйренеді;
 ересектердің орындаған әндерін тындайды және одан соң қайталайды,
 әндерді орындағанда интонацияларын қайталайды;
 ойын әрекеттерін орындайды;
 би әуендерінің көңілді сипатын күрделі емес қимылдармен көрсетеді:
 аяқтарын кезек көтереді, қолдарын шапалақтайды, өкшелерін соғады, қолды
 буындарынан айналдырады, орнында айналады, ересектерге еліктеп,
 музыканың ырғағымен сылдырмақты сылдырлатады.

42. «Әлеумет» білім беру саласы.

Балаларды айналасындағы адамдар көбірек қызықтырады. Олар қарым-қатынас жасауды, өзінің мінез-құлқына ересектер мен құрдастарының жауабын бағалауды үйренеді. Бала басқа балалардың қылықтарына назар аударады. Олар бір-бірінің мінез-құлқын қайталай бастайды, айналасындағылардың эмоциясын таниды. Өзге баланың неге жылап жатқанын сезінеді, бірақ қалай жауап берерін білмейді. Балаларда мінез-құлықтың негізгі ережелері байқалады.

43. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс бойынша ұсыныстар.

Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу процесіне тартылады, олар балалардың ерте дамуы мәселелері бойынша хабардар болады. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдардың қызметімен таныстырады.

Ата-аналардың қажеттіліктерін, мүдделерін, жеке түрде балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша құзыреттілік деңгейін (әңгімелесу, кеңес беру, отбасыларына бару, кеңес беру пункттері, ата-аналарға тапсырма) ескере отырып жеке түрде немесе ата-аналар ұжымымен (кеңес беру, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы, конференциялар, қашықтықтан оқыту, көрмелер, дәрістер, үйірмелер) кеңес беру-ағартушылық жұмыстары, радио хабарлар, сұрақтар мен жауаптар кештері, дөңгелек үстелдегі кездесулер өткізіледі.

Ата-аналарға көмек ретінде:

ата-аналар үшін жадынама, мысалы, «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерте жастағы балалардың бейімделу мәселелері» тақырыбында;

ата-аналарға арналған сауалнама;

көрнекі-насихаттау материалдары (ақпараттық және тақырыптық стендтер, фотомонтаждар) дайындалады.

6-тарау. Кіші жас (2 жастан 3 жасқа дейін)

44. Балалардың жас ерекшеліктерінің сипаттамасы.

Осы жастағы бала барынша өздігінен дербес қимылдарды үйлесімді орындай бастайды. Жүйке жүйесінің қызметі жетіледі, осының арқасында олардың белсенді сергектігінің ұзақтығы 6-6,5 сағатқа жетеді.

Бұл кезеңнің ерекше сипаты - әртүрлі қимылдарға қажеттілік, оларды орындауға қызығушылық пен талпыныстың пайда болуы. Бала өмірінің үшінші жылында бала ағзасының барлық мүшелерінің қызметі мен психологиялық қызметтерінің жетілуі жалғасады.

Бала өмірінің үшінші жылы баланың өзін жеке тұлға ретінде сезінуінің өзгерісті кезеңі болып табылады. Ол саналы түрде «Мен», «Мен қаламаймын, мен жасамаймын!» деп айтады. Ол өзін айнадан және фотодан таниды.

Екі-үш жастағы баланың іс-әрекетінің негізгі дамытушы түрі ойын болып табылады. Бала ойынға қажетті ойыншықтар мен қандай да бір заттарды сәйкес таңдап, алдын-ала ойлап, ойнауы мүмкін. Қиял, елестету, абстрактілі ойлауды дамыту арқасында ойынның мазмұны болады. Үшінші жылдың соңында балалардың сүйікті ойыны рөлдік ойындар болады.

Өзін-өзі оқыту процесінде қалыптасқан дербестік, дамыған әлеуметтік дағдылар баланың өмірі мен іс-әрекетінің барлық салаларында көрінеді.

45. Балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру.

Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыру, ұйымдастырылған оқу қызметі:

әр баланың денсаулығын, эмоционалдық хал-ахуалын, жан-жақты дамуын;

тәрбиеленушілерге ізгілікті, мейірімді қарым-қатынас жағдайын құруды; осы жастағы балаларға тән іс-әрекет түрлерін барынша қолдануды, оларды біріктіруді;

тәрбиелеу мен оқыту процестерін шығармашылықпен ұйымдастыруды; мектепке дейінгі ұйым және отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мен дамыту тәсілдерін үйлестіруді есепке ала отырып құрылады.

Ересектердің балалармен бірлескен әрекеті «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын біріктіру шеңберінде ұйымдастырылады.

Үш жастағы балалардың күн тәртібін құру кезінде мыналар есепке алынады:

сергу сәтінің ұзақтығы мен сипатында болған өзгерістер; баланың дербестігінің айтарлықтай қалыптасуына байланысты органикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мен әртүрлі гигиеналық шараларды өткізуге қажетті уақыт қысқарады, сондықтан сергіту түрлі ойын жаттығуларымен толықтырылады;

топ бөлмесінде да, серуенде де әрекет түрлерін ауыстыру; әрбір сергу сәтінде дербес ойынды басқа балалармен, ересектермен бірлескен әрекетпен ауыстыруды қарастыру қажет; бала оянып, тамақ ішкен соң, басқа балаларды күтпестен, тәрбиешінің бақылауымен өз бетінше ойнай білуі маңызды.

46. Тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны.

Білім беру процесінде негізгі «Денсаулық», «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын біріктіру шеңберінде жоспарланатын ұйымдастырылған оқу қызметі болып табылады.

47. «Денсаулық» білім беру саласы.

1) «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады:

балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, дене шынықтыру дағдыларын және негізгі қимыл түрлерін қалыптастыруға, қозғалыстың негізгі түрлерін жетілдіруге (жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік), салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруға көңіл бөлінеді;

2) күтілетін нәтижелер:

бала ересектердің көрсетуіне немесе сөздік нұсқауларына сәйкес дене жаттығуларын орындайды, гимнастикалық атрибуттарды қолданады;

қолдарын дұрыс жуады;

тамақты өзі ішеді және ұқыпты жейді, кеселерді, қасықтарды, майлықтарды пайдаланады;

өз бетінше киінеді және шешінеді, түймелерді шешеді және салады, аяқ киімнің бауын байлайды және шешеді;

киімді белгілі тәртіппен ұқыпты жинайды.

48. «Коммуникация» білім беру саласы.

«Коммуникация» білім беру саласының базалық мазмұны келесі ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады:

1) сөйлеуді дамыту:

балаларда грамматикалық құрылыс, дыбыстық мәдениет, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын байыту дағдылары қалыптасады;

сөйлеудің қарым-қатынас дағдылары, әдеби шығармаларға және халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылық, көрнекі сүйемелдеусіз айналасындағы адамдардың тілін түсіну қабілеті дамиды;

пассивті сөздігі, ой-өрісі кеңейтіледі;

балалардың әр түрлі әрекетінде ауызекі сөйлеуі дамиды;

2) көркем әдебиет:

көркем шығармаларға, көркем сөзге қызығушылықтары қалыптасады.

3) бірінші жарты жылдықта күтілетін нәтижелер:

тілдегі дыбыстар мен сөздерді айта алады;

айтылым дағдыларын меңгерген;

заттардың сапасын және олармен орындалатын іс-әрекеттерді атайды;

сөйлеу тілінде ыдыстардың, киімдердің, жиһаздардың атауларын қолданады;

грамматикалық нормаларды ескере отырып, зат есімдерді, сын есімдерді пайдаланады;

шығармалардың мазмұнына эмоционалды үн қатады;

4) екінші жарты жылдықта күтілетін нәтижелер:

белсенді сөздікте барлық сөз таптарын қолданады;
шағын топта құрдастарымен бірге шағын әңгімелерді көрнекіліксіз алаңдамай тыңдайды;

3–5 сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтады, ақпаратпен бөліседі;

олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
драмалық оқиғалардың кейіпкерлеріне жанашырлық танытады, таныс кейіпкерлермен кездескенде қуанады;

таныс шығармалардың қарапайым сюжеттерін ойында көрсетеді.

49. «Таным» білім беру саласы.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұны келесі ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады:

жаратылыстану;

сенсорика;

құрастыру.

Балалардың зияткерлік және танымдық қабілеттері дамиды, ой-өрісі кеңейеді, қоршаған ортаның құбылыстары, қоғамдық өмір мен мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады.

Балалар қарапайым құрылыстарды құрастыра білуге үйренеді.

Балаларды қоршаған ортаға ұқыптылықпен және қамқорлықпен қарауға баулиды.

Бірінші жарты жылдық:

1) жаратылыстану:

балаларда ересектердің еңбегіне қызығушылық пайда болады;
еңбек және жекелеген еңбек әрекеттері туралы түсініктері, танымдық-тәжірибелік дербестігі («Мен өзім») және заттардың қасиеттері мен кеңістікте бағдарлау негізінде көру-қозғалысын үйлестіру, туыстық қарым-қатынас және өзі туралы жалпы түсініктері қалыптасады;

заттарды, нысандарды және жақын ортадағы құбылыстарды тануға қызығушылықты тәрбиелейді;

балаларды үй тұрмысына қажетті заттарды тануға үйретеді: заттарды, олардың қасиеттерін – қарапайым пішінін, құрылымын, ашық түсін, көлемін, сондай-ақ заттың бөлшектерін (бөліктерін), кейбір қасиеттерін, заттардың не үшін қолданылатынын тану және атау;

2) сенсорика:

заттық әрекет: заттар мен құралдарды қолдану дағдылары, сенсорлық белгілерінің біреуі бойынша біртектес заттарды топтастыру, үлгі мен сөздік нұсқауға сүйене отырып тапсырмаларды орындау дағдылары;

екі қолдың үйлесімді қимылдарын және саусақ ұштарының нәзік қимылдарын, «көз-қол» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділікті дамыту;

сенсорлық қасиеттерді: негізгі түстерден, әртүрлі өлшемдегі геометриялық пішіндерден, әртүрлі, ұқсас белгілері бойынша заттарды салыстыра және іріктей білу жетілдіріледі;

3) құрастыру:

балаларды құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға, бөліктерді ажырату, берілген үлгі бойынша қандай бөлшектен жасалғанын анықтау, үй, машина, жиһаздар құрылысының жетіспейтін бөліктерін таба білуге үйретеді;

түрлі түсті және түрлі геометриялық фигуралардан тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары туралы, материал (текшелер, кірпіштер), олардың пішіні, көлемі, үстелдің бетінде орналасуы (кірпіштер жатыр, тұр) туралы және кірпіштерді көлденеңінен орналастыру туралы, оларды бірінің үстіне бірін қою, кірпіштерді текшелермен біріктіру (үстел, орындықтар, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік), қарапайым жабындылар жасап, кірпіштерді әртүрлі комбинацияларда орналастыру туралы білімдері;

бөлшектерді түзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру және кеңістіктік белгілерді ескеру дағдылары қалыптастырылады;

4) күтілетін нәтижелер:

еңбек туралы және жекелеген еңбек әрекеттері туралы, туыстық қарым-қатынас және өзі туралы біледі;

заттарды, олардың қасиеттерін таниды және атайды;

көкөністер мен жемістерді сыртқы түрі, түсі, дәмі бойынша таниды;

ағаштарды (1-2 түрін), шөпті, гүлдерді ажыратады және атайды, түсін атайды;

ауа-райындағы және табиғаттағы өзгерістерді ажыратады;

заттар мен құралдарды қолданады, сенсорлық белгілерінің біреуі бойынша біртектес заттарды топтастырады, үлгі мен сөздік нұсқауға сүйене отырып, тапсырмаларды орындайды;

жасалған қарапайым құрылыстарды атайды.

Екінші жарты жылдық:

5) жаратылыстану:

көлік құралдары (жолаушылар, жүк) және олардың қолданылуы, көлікті басқару, жүк көлігінің негізгі бөліктерінің атауы және олардың айырмашылықтары, адамның дене құрылысы, жынысына байланысты адамдардың сыртқы түрі, өсімдіктерге күтім жасау туралы қарапайым білімдері, оларды күту ниеттері қалыптасады;

туыстық байланыстар, отбасы мүшелерінің жасы, адамның сыртқы келбеті, эмоционалдық ерекшеліктері, балаға жақын адамдардың кәсіби қызметі туралы түсініктері бекітіледі;

балалар заттардың қолданылуына байланысты оларды топқа біріктіре алады;

аквариумдағы балықтарға жем шашуды үйренеді;

табиғаттағы маусымдардың ауысуын және олардың ерекшеліктерін ажырата алады;

6) сенсорика:

заттардың 3-4 сенсорлық қасиетіне байланысты оларды таңдай отырып, түсі, пішіні, көлемі бойынша заттардың арасында байланыс орната білуі бекітіледі;

7) құрастыру:

балалар құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастырады;

балаларда бірлесе отырып қарапайым комбинацияларды құру;

қағазбен жұмыс істеу (умаждау және қию), умаждалған және қиылған қағаздан «бейнені» көру біліктері мен дағдылары қалыптасады;

8) күтілетін нәтижелер:

көлік құралдарының, көліктің бөліктерінің, өсімдіктердің, ағаштардың, жемістердің, көкөністердің, үй жануарларының, аңдардың және олардың төлдерінің атауларын біледі;

заттарды пішіні түсі, көлемі, қолданылуы бойынша таңдайды және топтастырады;

заттардың түрлі көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді;

құрылыс ауқымына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, ойнайды және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды;

тұрғызылған құрылысты бөлшектейді және қорапқа бөлшектерді ұқыптылықпен жинастырады.

50. «Шығармашылық» білім беру саласы.

«Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны келесі ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады:

сурет салу;

мүсіндеу;

апликация;

музыка.

Балаларда сурет салуға, мүсіндеуге, музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға қызығушылықтары, эстетикалық сезімдері дамиды; бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықтары, эмоционалды-сезімдік қабілеттері қалыптасады; сұлулықты сезінуі тәрбиеленеді.

Бірінші жарты жылдық:

1) сурет салу:

балаларда «жаңбыр тамшылайды», «жапырақтар жерге түседі», «қар жауып тұр», «орманда аңдар бар» түсініктері қалыптасады; бейнеленген таныс заттарды, кейіпкерлерді тану, не (кім) бейнеленгенін, не істеп жатқанын түсінеді;

бейнелеу әрекетіне қызығушылық, суретте бейнеленгенді түсіну қалыптасады;

балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды-эстетикалық қарым-қатынасы тәрбиеленеді;

2) мүсіндеу:

балаларда сазбалшық және оның қасиеттері туралы білімдері, сазбалшықты дұрыс қолдану біліктері қалыптасады;

3) аппликация:

балаларда геометриялық фигуралардан қарапайым композициялар құрастыру дағдылары қалыптасады;

4) музыка:

балаларда әннің мағынасын түсіну;

түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау;

әуендерді тани білу, жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау дағдылары;

ән айтуға қызығушылық;

тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, әннің сөздері мен жеке буындарды айтуды, ересекпен қосылып табиғи дауыспен ән айту;

дауысты жылдамдатпай және жеке сөздерді айқайламай айту;

түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтап, музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау қалыптасады;

5) күтілетін нәтижелер:

таныс заттардың, кейіпкерлердің бейнесін таниды, не (кім) бейнеленгенін, не істеп жатқанын түсінеді;

бейненің мәнерлілігі үшін сурет салу дағдыларын қолдана алады;

қарапайым композициялар жасайды;

сазбалшықтың қасиетін біледі;

түрлі жанрдағы музыкалық шығармаларды (ән, полька, марш, вальс, тыныш және көңілді әндер мен пьесалар) тыңдайды;

кейбір музыкалық аспаптарды біледі;

ересектермен бірге әннің кейбір буындарын, сөздерін айтады;

жеке және топпен ән айтудың қарапайым дағдыларын меңгерген;

музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындаудың қарапайым техникасын игерген.

Екінші жарты жылдық:

б) сурет салу:

балаларда белгілі бір ережелерді орындау дағдысы қалыптасады: дұрыс отыру, тек қағазға сурет салу, қағазды жұмарламау, қарындашты тықылдатпау, сабақ аяқталғаннан кейін материалды жинау;

бейнелеу әрекетінің нәтижесіне қызығушылық: балалардың жұмыстарын қарау және талқылау, құрдастарын қолдау, таныс заттарды, кейіпкерлерді табу;

кеңістікте бағдарлана біледі;

балалардың ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтары оянады;

7) мүсіндеу:

балаларда қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат, басқалары) жасау дағдылары қалыптасады;

мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану ережелері бекітіледі (арнайы тақтайша үстінде мүсіндеу, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинастыру).

8) аппликация:

балаларда аппликация мен сурет салуды біріктіре білу қалыптасады;

9) музыка:

ән айту дағдылары: әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпей немесе қалып қоймай ән айту, кідірісті сақтау; әннің кіріспесін және соңын тыңдау; музыканы есте сақтау және кейіпкерлерді иллюстрация мен әңгіме бойынша тану дағдылары қалыптасады;

түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды (ән, полька, марш, вальс, тыныш және көңілді әндер мен пьесалар) тыңдайды;

әнде музыкалық сөздерді айтады (тәрбиешімен бірге), әннің ырғағын және жеке интонациясын дұрыс бере отырып, барлық топпен ән айтады, ән сөзін есте сақтайды;

музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерге қызығушылық оянады;

жыл бойы 10-12 ән ұсынылады;

10) күтілетін нәтижелер:

ересектердің салған суреттерін толықтыра алады;

техникалық тәсілдерді біледі және қолданады;

таныс әндерді таниды және ән мағынасын түсінеді;

музыкалық аспаптарды біледі;

музыка сипатына сәйкес қимылдайды, музыка басталуымен қозғала бастайды;

сюжеттік музыкалық ойындардағы қозғалыс сипатын береді.

51. Ойын іс-әрекетін ұйымдастыру.

Балаларда:

сюжетті-рөлдік ойын дағдылары, рөлдік мінез-құлықтың қарапайым түрлері (белгілі бір рөлге сәйкес әрекет етуге ынталандыру), тыныш және өз бетінше ойнай білу, бірге ойнау, басқа балаларға бөгет жасамау керектігін түсіне білуі қалыптасады;

балалардың ойын әрекеттеріне қызығушылықтары, бір-біріне жағымды эмоционалдық қарым-қатынасы дамиды;

ойында құрдастарына жағымды қарым-қатынас сезімі, бірге ойнай білу, ойыншықтарды бірге қолдану тәрбиеленеді;

тәрбиешімен бірлескен ойында балалардың заттармен және ойыншықтармен әрекет жасауы бекітіледі;

құрдастарымен және ересектермен тілдесуі үшін жағдай жасалады.

Педагогтер мен ата-аналар:

балалардың ойында заттарды ауыстырғыштарды қолдануын, бірлескен ойындарға қатысуын, дербес ойындар үшін бірлесуін (2-3 баладан) қалыптастырады;

балалардың бастамасы бойынша туындаған ойындарды қолдайды;
ертегілердің сахналап ойнауға үйретеді;
ойындарды ынталандырады, оларды бастап береді, балаға театрландырылған ойындар мен драмалық ойындар тәжірибесін өз бетінше ойнайтын ойындарға көшіруге көмектеседі;

балаларды бірлесіп ойнайтын құрылыс ойындарына тартады (бөлмені, ауланы, үйді құруға);

сюжеттік ойындарды дамыту үшін материалдардан құрылыс жасауға итермелейді;

балаларды кейбір кейіпкерлердің қарапайым бейнелік әрекеттерін көрсетуге үйретеді;

балалардың назар аудару, ойлау, толыққанды қабылдау, қиялдау, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ететін ойындарға қызығушылықтарын дамытады;

балалардың құммен, сумен, қармен ойындарында осы материалдардың қасиеттері туралы білімдерін бекітеді.

Күтілетін нәтижелер:

ойын әрекеттерін орындайды, оларды күрделі емес сюжетпен біріктіреді;
рөлдік мінез-құлықтың қарапайым түрлерін танытады;

қимылдарды бір ойыншықтан екіншісіне ауыстырады, ойында 2-3 жүйелі эпизодты орындайды;

ойында заттарды ауыстырушыларды қолданады, бірлескен ойындарға қатысады, дербес ойындар үшін бірлеседі (2-3 баладан);

тек жанындағы ғана емес, басқа баламен де бірге ойнайды, құрдастарының ойынына дұрыс қарайды;

ойыншықтары бар ойындар мен қойылымдарға белсенді қатысады;

ойын сюжетін дамыту үшін құрылыс материалдарынан құрылыстар жасайды;

тәрбиешімен бірге қарапайым мазмұнды, күрделі емес қозғалыстары бар қимылды ойындарды ойнайды;

кейбір кейіпкерлердің қарапайым бейнелік әрекеттерін көрсетеді;

дидактикалық ойыншықтары бар ойындарға қызығушылық танытады.

52. Еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру.

Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету мен еңбекке деген қызығушылықтың қарапайым дағдылары, ересектердің тапсырмаларын орындауға белсенділігі, қызығушылығы мен ықыласы қалыптасады; қиындықтарды жеңу қабілеті дамиды; дербестік, ересектердің еңбек әрекетіне қызығушылық, оларға көмектесуге ынта-ықыласы тәрбиеленеді.

Педагогтер мен ересектер балаларды:

киіну мен шешіну тәртібіне үйретеді;

ересектердің аздаған көмегімен түймені шешуге, бауды байлауға, шешкен киімді белгілі тәртіппен ұқыпты жинауға, киім мен аяқ киімді дұрыс киюге үйретеді;

киімдегі олқылықты байқай білуге тәрбиелейді;
ересектердің көмегімен өзін тәртіпке келтіру, тазалық пен тәртіптен қанағаттандыру сезімін дамытады;

балаларды қарапайым тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тартады (алдымен тәрбиешінің көмегімен, кейін оның бақылауымен орындықтарды үстелдің жанына қою, үстелге қасықтар қою, нанға арналған тәрелкелерді, майлық салғышты қою, ұйымдастырылған оқу қызметі үшін қарындаштарды, тақтайларды, шүберектерді қою, ойыннан кейін ойыншықтарды, суреттерді, кітаптарды жинау, балықтарға, құстарға жем шашу, өсімдіктерді суару, тәрбиешімен бірге ойыншықтарды учаскеге шығару, учаскені жинауға, қардан құрылыстарды салуға қатысу);

тапсырманы орындауда оны бастау мен соңғы нәтиже арасындағы байланысты орнатуға үйретеді.

Күтілетін нәтижелер:

ересектердің аздаған көмегімен киім, аяқ киімді шеше алады;
шешкен киімді белгілі бір тәртіппен ұқыпты жинайды, киім мен аяқ киімді дұрыс киеді;

киімдегі олқылықты байқап, ересектердің көмегімен өзін тәртіпке келтіреді;

орындықтарды үстелдің жанына қоя алады;

үстелге қасықтарды қояды;

нанға арналған тәрелке, майлық салғышты қояды;

ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған қарындаштар мен тақтайларды қоя алады;

ойыннан кейін ойыншықтарды, суреттерді, кітаптарды жинайды;

аквариумдегі балықтарға жем шашады;

өсімдіктерді суарады;

тәрбиешімен бірге ойыншықтарды учаскеге шығарады, учаскені жинауға, қардан құрылыстарды салуға қатысады;

тапсырманы орындау үшін оны бастау мен соңғы нәтиже арасындағы байланысты орнатады.

53. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс бойынша ұсыныстар.

2-3 жастағы балалардың ата-аналарымен ынтымақтастық отбасындағы тәрбиелеу әлеуетін тиімді пайдалану негізінде құрылады:

балалардың ерте жастан жан-жақты дамуына, олардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға байланысты міндеттерді шешуде балабақша мен отбасының педагогикалық ұжымының күш-жігері біріктіріледі;

ерте жастағы балалардың отбасыларымен өзара түсіністік пен сенімділікті орнату, олармен бала мүддесі үшін бірлескен жұмыс жүргізіледі;

ата-аналармен олардың қажеттіліктерін, мүдделерін, ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқыту дағдыларын дамыту мәселелері бойынша құзыреттілік деңгейін ескере отырып, консультациялық-ағартушылық жұмыс жүзеге асырылады;

өзара сыйластық ахуалы құрылады.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту бойынша баланы отбасында тәрбиелеу жағдайын зерделеу бойынша сауалнама жүргізу;
мектепке дейінгі ұйымда баланың ата-анасымен және отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын бақылау;

электронды және қағаз тасымалдағыштарда балаларды ерте дамыту, әлеуметтендіру мәселелері бойынша ата-аналарға арналған психологиялық-педагогикалық кеңестер;

балалардың сөйлеу, қол моторикасы, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту бойынша жеке ұсынымдық карточкалар, отбасы және балабақша жағдайында балалардың табысты әлеуметтенуінің әдістері.